

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 80 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 мамырда № 5482 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 9 шілдедегі № 81 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 09.07.2018 № 81 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі " Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2017 жылғы 10 сәуірдегі № ВО 3-4/31 ұсынысына сәйкес, Ойыл ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүйізді ірі қара малдарының арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты Ойыл ауылдық округінің Ақшатау ауылы аумағында шектеу іс – шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ойыл ауылдық округі әкімі

Д. Бисебаев